

«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ

Гуманитарлық факультет
Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
В014 География пәні мұғалімдерін дайындау
6В01505 -«География»
Түскен жылы - 2021

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қарастырылды

Хаттама №_5_ 20.05.2021 жыл

Университеттің Оқу-Әдістемелік Кеңесінде қайтадан бекітілді

Хаттама №_1_ 17.09.2021 жыл

Таңдау пәнінің реттік №	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәнді оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижесі (білу, біліктілік, дағды компетенциясы)
Жалпы білім беру пәндері					
Таңдаулы пәндер (ТП)					
1	Нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлік;	3	Жалпы білім беретін орта мектепте алған білім негіздері	-	Бұл пәнді оқытудың мақсаты : нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлікті ұйымдастыру саласында студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, студентте Қазақстандағы кәсіпкерлік іс-әрекеттің басым бағыттары бойынша білім кешенін қалыптастыру және бизнес-жоспар жасауда кәсіпкерлік іс-әрекетті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектесу. Мазмұны: экономиканың қыр сырын жалпылама түрде оқып білу, кәсіпкерліктің институционалдық және заңдық базасының теориялық және тәжірибелік негізінің білімін беру және кәсіпкерлік іс-әрекет тәжірибесін жинақтау: кәсіпкерлік теориясының түрлі бағыттары туралы білім беру; ҚР кәсіпкерлік іс-әрекет жағдайы және болашағы туралы білім; жоспарлау және кәсіпкерлік қызметтерді диагностикалау маркетингтік қызметті қабылдау және негізгі әдістердің тәжірибе жүзінде қолдана білу, студенттерді өз бизнес-жоспарларын құруға үйрету; тауар, нарық, бәсекелес туралы ақпарат жинау, Білімі: ақша функциялары, сыйақы деңгейіндегі жалақының айырмашылықтарының себептері; салықтардың негізгі түрлері; кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары; бағалы қағаздардың түрлері; экономикалық өсу факторлары; кәсіпкерлік қызмет теориясы мен практикасының қазіргі жағдайы; кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігі; Іскерлігі: өндіріс факторлары мен факторлық кірістерді есептей алу,

					қоғамдық тауарлар, әртүрлі ұйымдық формадағы қазақстандық кәсіпорындар, әлемдік экономикалық проблемалар туралы мысалдар келтіре білу; нарықтық тетіктің әсерін, жалақы мен еңбекке ынталандырудың негізгі формаларын, инфляцияны, Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің негізгі баптарын тәжірибеде қолдана алу, экономикалық өсу, заманауи кәсіпкерліктің негізгі терминологиясын пайдалану. Дағдылары: экономикалық ақпаратты алу және бағалау; отбасылық бюджетті құру; тұтынушы, отбасы мүшесі және азамат ретіндегі өздерінің экономикалық қызметін бағалау. Құзыреттілік: Тәрбиелік және жалпы
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқық негіздері	2	Жалпы білім беретін орта мектепте алған білім негіздері	-	Пәнді оқып-үйренудің мақсаты: курсты оқып-үйрену және студенттерді сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы білім жүйесін қалыптастыру және осы құбылысқа байланысты азаматтық ұстанымды қалыптастыру. Мазмұны: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері - бұл барлық мамандықтар мен бакалаврларды даярлау бағыттары үшін тұтас пәнаралық білім жүйесі. Күтілетін нәтиже: Пәнді оқу нәтижесінде студенттер білуі керек: сыбайлас жемқорлықтың мәні және оның пайда болу себептері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін моральдық-құқықтық жауапкершілік шарасы. Істей білу: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы жаңа білім алу дағдыларына Құзыреттілік: Тәрбиелік және жалпы
Экономикалық-жаратылыстану білімдер модулі					
2	Нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлік;	3	Жалпы білім беретін орта мектепте алған білім негіздері	-	Бұл пәнді оқытудың мақсаты : нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлікті ұйымдастыру саласында студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, студентте Қазақстандағы кәсіпкерлік іс-әрекеттің басым бағыттары бойынша білім кешенін қалыптастыру және бизнес-жоспар жасауда кәсіпкерлік іс-әрекетті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектесу. Мазмұны: экономиканың қыр сырын жалпылама түрде оқып білу, кәсіпкерліктің институционалдық және заңдық базасының теориялық және

					тәжірибелік негізінің білімін беру және кәсіпкерлік іс-әрекет тәжірибесін жинақтау: кәсіпкерлік теориясының түрлі бағыттары туралы білім беру; ҚР кәсіпкерлік іс-әрекет жағдайы және болашағы туралы білім; жоспарлау және кәсіпкерлік қызметтерді диагностикалау маркетингілік қызметті қабылдау және негізгі әдістердің тәжірибе жүзінде қолдана білу, студенттерді өз бизнес-жоспарларын құруға үйрету; тауар, нарық, бәсекелес туралы ақпарат жинау, Білімі: ақша функциялары, сыйақы деңгейіндегі жалақының айырмашылықтарының себептері; салықтардың негізгі түрлері; кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары; бағалы қағаздардың түрлері; экономикалық өсу факторлары; кәсіпкерлік қызмет теориясы мен практикасының қазіргі жағдайы; кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігі; Іскерлігі: өндіріс факторлары мен факторлық кірістерді есептей алу, қоғамдық тауарлар, әртүрлі ұйымдық формадағы қазақстандық кәсіпорындар, әлемдік экономикалық проблемалар туралы мысалдар келтіре білу; нарықтық тетіктің әсерін, жалақы мен еңбекке ынталандырудың негізгі формаларын, инфляцияны, Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің негізгі баптарын тәжірибеде қолдана алу, экономикалық өсу, заманауи кәсіпкерліктің негізгі терминологиясын пайдалану. Дағдылары: экономикалық ақпаратты алу және бағалау; отбасылық бюджетті құру; тұтынушы, отбасы мүшесі және азамат ретіндегі өздерінің экономикалық қызметін бағалау. Құзыреттілік: Тәрбиелік және әлеуметтік – этикалық
2	Тіршілік қауіпсіздігі және экология негіздері	2	Жалпы білім беретін орта мектепте алған білім негіздері	-	Мақсаты. Адам мен қоршаған орта арасындағы өзара әсер ету үдерістерін реттеу мүмкіндігі және адамның өмірі мен тіршілік қауіпсіздігі туралы түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны. Табиғатты пайдалану, төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс қарқындылығы жағдайында өмір сүру қауіпсіздігінің, экологияның негізгі ұғымдарын, қазіргі заманғы өркениет мәселелерін және адамның шаруашылық және басқа да қызметінің

					экологиялық салдарларын зерттеу. Қоршаған ортаның әртүрлі факторларынан халықты қорғаудың принциптері мен тәсілдерін, тіршілік қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және құқықтық актілерді ашу. Қоршаған ортаны және биологиялық ресурстарды сақтау. Күтілетін оқу нәтижелері: студенттер білуі тиіс: тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мен экологиялық бақылаудың заңнамалық базасын, сондай-ақ адам мен ортаға зиянды факторлардың әсерін идентификациялау, жою әдістерін және адамның өмірі мен қызметі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуді; істей білуі тиіс: кәсіби қызметте қолдану үшін қауіпсіздік нормаларын жүйелендіруді; өзінің кәсіби қызмет саласына қатысты қауіптерден қорғау әдістерін таңдауды және тіршілік әрекетінің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету тәсілдерін таңдауды; өндірістік, тұрмыстық және төтенше жағдайларда тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын, алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын меңгеруі тиіс. Құзыреттілік: Тәрбиелік және әлеуметтік – этикалық
--	--	--	--	--	--

Таңдау пәнінің реттік №	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәнді оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижесі (білу, біліктілік, дағды компетенциясы)
Базалық пәндер					
Таңдаулы пәндер (ТП)					
1	Метеорология климатология негіздерімен	5	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Геология Геоморфология	Мазмұны: Жер бетіндегі климат пен ауа райы, ондағы құбылыстар мен процестердің палеогеографияда және кәзіргі кездегі дамуы жайлы оқытылады. Мақсаты: Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелер: озон қабатының тесілуі, “парниктік эффект”, климаттың ғаламдық жылынуын тудыратын факторлар мен оған қарсы қолданылатын іс-шаралар жайлы толық ақпарат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Ара райын зерттеу

					құралдары мен технологияларды білумен қатар, оның нәтижелері арқылы болжауды. Меңгеру керек: Ауа райы мен климат негізгі элементтері мен олардың бір – бірімен өзара ұштасу заңдылықтарын
1	Биогеография	5	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Физикалық географияның қазіргі мәселелері, Палеогеография	Мазмұны: Жер шарындағы тірі организмдер мен олардың топтарының таралуы мен орналасу заңдылықтарымен таныстырады. Биогеография – организмдердің материктер мен мұхиттардағы тарихи шығу-тегі мен таралу аймақтарын анықтай отырып биоценоздық, ландшафтық тұрғыдан сипаттайды. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Тірі организмдердің әралуандығы мен таралуын біліп шығады Меңгеру керек: Фауна мен флора қалыптасуы мен топтасуы ерекшеліктерін
2	Жалпы гидрология	5	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Геология Геоморфология	Мазмұны: Жер бетіндегі су ресурстары: өзендер, көлдер, жер асты сулары, мұздықтар мен теңіздер, шығанақтар мен бұғаздардың шығу тегі, су шығыны, температурасы, тұздылығы және сол сияқты физика-химиялық жағдайын оқытады. Мақсаты: Ішкі және мұхиттық сулардың физика-Химиялық қасиеттерін және оның адамзат үшін маңызын білу. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Жер бетіндегі су ресурстары, олардың гидрологиялық режимін меңгеріп шығады. Меңгеру керек: Су шығыны, температурасы, тұздылығы және сол сияқты физика-химиялық жағдайын
2	Физикалық географияның қазіргі мәселелері	5	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім	Палеогеография, Қоршаған ортаны қорғау	Мазмұны: Физикалық географияның зерттеу әдістері, жалпы ғылыми зерттеу әдістерін оқу арқылы табиғатта болып жатқан түрлі құбылыстарын сырын ашуға көмектеседі. Ондағы табиғи заңдар мен заңдылықтар табиғатта өзінің белгілі бір цикл бойынша қайталануын, оларды болжау, процестердің нәтижесін анықтау мен онда қолданылатын түрлі шаралар жайлы айтылады. н қарастырады.Адамзаттың ресурстық базасы, яғни оның қоры, тиімді пайдалану, қорғау шаралары жайлы осы пән оқытады. Мақсаты: табиғаттың антропогендік процестер нәтижесінде өзгеруі мен

					оның алдын алу мәселелерін анықтау Күтілетін нәтиже: Білу керек: Адамзаттың табиғатқа әсері мен олардың нәтижесін білу Меңгеру керек: Физикалық география концепцияларын, табиғатты аяйдалану концепциялары, гипотезалары
3	Геология	5	Метеорология климатология негіздерімен, Жалпы гидрология	Геоморфология, Топырақ географиясы	Мазмұны: Студенттерге Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы жайлы тереңде, жүйелі білім бере отырып, жер қойнауында және жер бетінде болып жататын табиғи процестерді дұрыс түсінуге, жер қойнауындағы және жер бетінде болып жататын табиғи процестерді дұрыс түсінуге, оны тиімді пайдалануға, қорғауға бағыт береді. Мақсаты: Жер ғаламшар ретінде пайда болуы мен қалыптасындағы процестерді меңгеру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Жер ғаламшар ретінде пайда болуы мен қалыптасын, ондағы физикалық-химиялық процестерін Меңгеру керек: Жер және жер қыртысының құрамы, құрылысы, шығу тегі және дамуы жайлы
3	Палеогеография	5	Биогеография, Физикалық географияның қазіргі мәселелері	Қоршаған ортаны қорғау, ТМД елдерінің физикалық географиясы	Мазмұны: Жер шарының пайда болуы мен оның даму тарихы қарастырылады. Жер шарында алғашқы құрлық -Пангей және алғашқы мұхит -Тетистің кезігі эралар мен дәуірлерде құрылысы мен формасының өзгеруі, оған әсер еткен эндогендік және экзогендік процестер қарастырылады. Мақсаты: Жер шарының геологиялық тарихын қарастыру Күтілетін нәтиже: Білу керек: Жер ғаламшары пайда болғаннан бері жер бетіндегі эндогендік және экзогендік процестерді білу керек Меңгеру керек: Табиғатта болатын физикалық құбылыстардың пайда болу заңдылықтарына сай минералдардың өзгеру сипатын
4	Картография топография негіздерімен	5	Метеорология климатология негіздерімен, Жалпы гидрология	Дүние жүзінің саяси картасы, Халықаралық экономикалық қатынастар географиясы	Мазмұны: Пән географиялық карта, карта түрлері, оларды пайдалану ерекшеліктерін, географиялық карталардың басты қасиеттері мен ерекшеліктерін ашып көрсету, олардың алуан түрлілігін көрсету, карталармен жұмыс істеудің жолдары мен әдістерін анықтайды. Мақсаты: Жер бетін әртүрлі масштабтағы картаға түсіріп оны оқи алуға үйрету.

					Күтілетін нәтиже: Білу керек: Картографиялық және топографиялық карталарды ажыра білу және онымен жұмыс істей алу Меңгеру керек: Карталар сериясының бір – бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтарын
4	Картография тарихы	5	Биогеография, Физикалық географияның қазіргі мәселелері	ТМД елдерінің физикалық географиясы, ТМД елдерінің әлеуметтік және экономикалық географиясы	Мазмұны: Бұл пән алғашқы карталардан бастан бүгінгі таңдағы карта түрлерін. Олардың жасалған материалдары мен құрал-жабдықтары, техникасын оқытады Мақсаты: алғашқы карталардың пайда болуы мен олардың дамуын оқу Күтілетін нәтиже: Білу керек: Карталардың жасауы мен қолданылуының ежелден қазірге дейінгі тарихын білу Меңгеру керек: Карталар сериясының бір – бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтарын
5	Тұрғындар географиясы	5	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Дүние жүзінің саяси, экономикалық және әлеуметтік географиясы, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы	Мазмұны: Халықтың ұдайы өсіп-өнуі, миграциясы мен еңбек ресурстары географиясының сипатын ашу; олардың таралып орналасуына; халықтың аумақтар бойынша бөлінуіне және олардың тұрмыс-салттарының шартты түрдегі байланыстарын көрсету. Мақсаты: Дүниежүзі халықтарының құрамы мен құрылымына, этносына, қоныстану түрлеріне біртұтас түсінік беру. Дүние жүзі халықтары жайлы жүйелі түрде түсінік беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Жер бетіндегі халықтардың әр алуандығы мен олардың тілі, діні, тілінің қалыптасуы мен өзгеруін Меңгеріп шығады: халықтың аумақтар бойынша бөлінуіне және олардың тұрмыс-салттарының шартты түрдегі байланыстарын
5	Елтану	5	Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	ТМД елдерінің әлеуметтік және экономикалық географиясы, Геосаясат	Мазмұны: Дүние жүзі елдерінің және жеке экономикалық аймақтарға бөлініп олардың ерекшелігі және түрлі халық шаруашылығы, қызмет көрсету салалары бойынша ұйымдарға кіруі оқытылады. Мақсаты: Дүние жүзі елдерінің табиғат ерекшеліктері мен халықтарының қоныстануы, діні, ділі, сонымен бірге экономикалық дамуы қарастырылады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Мемлекеттердің бір – бірінен географиялық тұрғыдан

					ерекшеліктерін білу керек. Меңгеру керек: Дүние жүзі елдерінің тарихи географиялық аймақтарының ерекшеліктерін
6	Геоморфология	6	Геология, Жалпы гидрология, Метеорология климатология негіздерімен	Топырақ географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы	Мазмұны: Эндогендік және экзогендік процестердің нәтижесінде қалыптақан жер бедерін оқытады. Оған табиғат кешендерінің әрбір компонентінің жекелей және толығымен әсер етіп, морфомүсіндер мен морфокұрылымдар түзуі, дамуы, шөгуі сияқты процестер жүреді. Мақсаты: қалыптасқан жер бедерін зерттеп, оқу халық шаруашылығында кеңінен қолданады. Жергілікті жердің жер бедерінің пішіні мен құрылысына орай онда жүргізілетін инженерлік қызметтер, жол салу және т.б. салаларда маңызды рөл атқарады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Геологиялық құрылыс пен жер бедерінің арақатынасын терең түсінеді Меңгеру керек: табиғат кешендерінің әрбір компонентінің жекелей және толығымен әсер етіп, морфомүсіндер мен морфокұрылымдар түзуі, дамуы, шөгуі сияқты процестерін
6	Қоршаған ортаны қорғау	6	Биогеография, Физикалық географияның қазіргі мәселелері	ТМД елдерінің физикалық географиясы, Топырақ геоэкологиясы	Мазмұны: табиғи байлықтарды сақтау және көркейту негізінде табиғат пен қоғамның өзара үйлесімді әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс шаралар жүйесі. Мақсаты: антропогендік процесс нәтижесінде бүлінген жерлерді қалпына келтіру шараларымен таныстыру Күтілетін нәтиже: Білу керек: Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдар мен олардың бағдарламаларымен танысады Меңгеру керек: Қоршаған ортаның табиғи жағдайын жақсарту, <u>табиғи ресурстарды</u> тиімді пайдалану жолдарын
7	Қазақстанның физикалық географиясы	5	Метеорология климатология негіздерімен, Геология	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, Геоэкология және табиғатты қорғау	Мазмұны: Қазақстан табиғат жағдайының алуан түрлі екендігін, олардың қалыптасуының географиялық заңдылықтарын жалпы және жеке аймақтар бойынша қарастырып, салыстыра-саралап оқиды. Мақсаты: Қазақстан территориясының табиғат жағдайларының қалыптасу заңдылықтарын және ерекшеліктерін оқытады. Күтілетін нәтиже:

					Білу керек: Қазақстан аумағындағы геологиялық құрылыс, жер бедері, климаты, ішкі сулары, топырақ-өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемі және табиғат зоналарын Меңгеру керек: Қазақстан территориясының физикалық – географиялық аудандастырылуы жолдарын
7	ТМД елдерінің физикалық географиясы	5	Физикалық географияның қазіргі мәселелері, Биогеография	Рекреациялық география, Табиғатты тиімді пайдалану географиясы	Мазмұны: ТМД елдері территориясының табиғат жағдайларының қалыптасу заңдылықтарын және ерекшеліктерін оқытады. Достастық елдері аумағының географиялық орны анықталады, оның табиғат жағдайлары мен табиғат ресурстары ашылып көрсетіледі. Сол сияқты оны қоршап жатқан теңіздер сипатталады. ТМД елдері аумағы табиғатының жалпылама сипаттамасы үш компоненттердің тобы: жер бедері және геологиялық құрылым ерекшеліктері, климаты және ішкі сулары, топырақ-өсімдік жамылғысы және жануарлар әлемі бойынша қарастырылады. Мақсаты: ТМД елдері территориясындағы физикалық-географиялық жағдайды оқытады Күтілетін нәтиже: Білу керек: ТМД елдері аумағындағы геологиялық құрылыс, жер бедері, климаты, ішкі сулары, топырақ-өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемі және табиғат зоналарын Меңгеру керек: ТМД территориясының физикалық – географиялық аудандастырылуы жолдарын
8	Білім берудегі IT	5	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	Бейінді сыныпта географияны оқытудағы жаңа педагогикалық технологиялар	Мазмұны: білім берудегі ақпараттық технологиялардың рөлі. Білім берудегі АТ стандарттары. Адам-компьютерлік өзара әрекеттесу. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Компьютерлік жүйелерге кіріспе. Компьютерлік жүйелердің архитектурасы. Курстың мақсаты: білім берудегі ақпараттық технологияларды, сонымен қатар білім берудегі АТ стандарттарын зерттеу. Күтілетін нәтиже: пәнді меңгеру нәтижесінде студент білуі керек: операциялық жүйедегі бағдарламалық қамтамасыз ету туралы ақпарат және компьютерлік жүйелерге кіріспе.; Істей алу керек: өз қызметінің нәтижелерін жазбаша және ауызша жауап түрінде ұсыну.

					* білім алушылардың өзін-өзі реттеуін дамытуға ықпал ететін оқыту әдістері мен тәсілдерін өз бетінше қолданады, өзін-өзі бағалау және оқу жетістіктерін өзара бағалау әдістері; * білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметін ұйымдастырудың принциптері мен әдістері; * оқу жетістіктерін бағалаудың теориялары мен технологиялары;
8	Сандық білім беру технологиялары	5	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	Бейінді сыныпта географияны оқытудағы жаңа педагогикалық технологиялар	Мазмұны: қазіргі білім берудің даму тенденциялары. Ақпаратты іздеу, сақтау және жүйелеудің негізгі принциптері. Көрнекі ақпаратпен жұмыс істеу ерекшеліктері. Интеллект картасын немесе инфографиканы жасау. Әлеуметтік желілерде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру. Күтілетін нәтиже: пәнді меңгеру нәтижесінде студент білуі керек: интеллект-карталарды немесе инфографиканы әзірлеу туралы ақпаратты, сонымен қатар әлеуметтік желілерде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру Істей алу керек: өз қызметінің нәтижелерін жазбаша және ауызша жауап түрінде ұсыну. * білім алушылардың өзін-өзі реттеуін дамытуға ықпал ететін оқыту әдістері мен тәсілдерін өз бетінше қолданады, өзін-өзі бағалау және оқу жетістіктерін өзара бағалау әдістері; * білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметін ұйымдастырудың принциптері мен әдістері; * оқу жетістіктерін бағалаудың теориялары мен технологиялары;
9	Ғаламдық география және табиғатты пайдалану негіздері	5	Геология; Қазақстан физикалық географиясы, жалпы гидрология	Топырақ географиясы, Урбоэкология	Мазмұны: Пән ғаламдық география және табиғатты пайдаланудың негізгі категориялары мен ұғымдарын, геоглобалистика пәнін, табиғаттың, қоғамның, адамның және адамдық ойлаудың даму заңдылықтарын; адам мәдениетінде глобалистика қызметін, Адам және қоғам өміріндегі глобалистиканың рөлін, әлемнің ғылыми, философиялық және діни суреттерінің негіздерін, глобалистика дамуының негізгі кезеңдерін, аса көрнекті ғалым - өкілдерінің маңызды мектептері мен ілімдерін оқытады. Мақсаты: Жер шарында таралған табиғи ресурстар түрлерін анықтап,

					олардың таралу заңдылықтары мен геологиялық қорын сипаттау. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Жер шарында таралған табиғи ресурстар классификациясы мен оның заңдылықтары туралы меігеріп шығады. Меңгеру керек: Құрлықтар мен мұхиттарда тараған табиғи қорлардың ерекшеліктерін
9	Өндірістік техника-экономика негіздері	5	Палеогеография, Физикалық географияның қазіргі мәселелері	Географиядағы есептеу және жобалау әдістері, Геоэкономика	Мазмұны: Халық шаруашылығы кешені, маңызды салаларының технологиясы мен қазіргі техниканың, негізгі жайлы, өндіргіш күштерді тиімді орналастыру, студенттерге экологиялық-экономикалық тәрбие берудің, дағдыларын үйрету болып табылады. Сонымен қатар ресурстарды үнемді пайдалану арқылы табиғи орта мен өндіріс арасындағы тепе-теңдікті сақтау жолдарын ашып көрсетеді. Мақсаты: ресурстарды үнемді пайдалану арқылы табиғи орта мен өндіріс арасындағы тепе-теңдікті сақтау Күтілетін нәтиже: Білу керек: Шаруашылық салалар арасындағы сан алуан формалы байланыстардың, нарық жағдайында осы салалардың, орналасуы мен қызмет етуіне тигізетін әсерін білу Меңгеру керек: Ресурстарды үнемдеу, екінші реттік ресурстар, аз қалдықты және қалдықсыз технология қызметтерін
10	Геоэкология және табиғатты қорғау	5	Геология; Қазақстан физикалық географиясы, жалпы гидрология	Топырақ географиясы, Урбоэкология	Мазмұны: Геоэкология – география ғылымының бір бағыты. Ол экологиялық жағынан таза ортаны сақтау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жоғары иерархиялық деңгейдегі (физикалық-географиялық аймақ, провинция, ландшафт) географиялық жүйелердің экологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Мақсаты: Екінші бір қырынан геоэкология – бұл экология саласына да жатады өйткені, географиялық процестерді қосымша экологиялық заңдылықтарға негіздеп зерттейді. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Минерал қорлары мен жер қойнауын қорғау, атмосфералық ауа мен климаттық қорлар, су, өсімдік-жануарлар ресурсын қорғау түрлерін және ерекше қорғалатын аймақтарды білу керек.

					Меңгеру керек: табиғи және антропогендік геожүйе шекарасындағы қоршаған ортаның кеңістіктегі экологиялық фонын зерттеу, білу арқылы ондағы қолайлы экологиялық жағдайда сақтау немесе қайта қалпына келтіру жөнінде нұсқау түріндегі ұсыныстарды даярлау.
10	Қазақстан табиғатын зерттеу тарихы	5	Палеогеография, Физикалық географияның қазіргі мәселелері	Табиғатты тиімді пайдалану географиясы, Рекреациялық географиясы	Мазмұны: Қазақ жерінің алғашқы зерттелуінен бастап тарихи кезеңдердегі географиялық зерттеулерді оқытады. Ежелгі замандағы Геродот және т.б., орта ғасырлардағы араб зерттеушілері, орыс саяхатшы-зерттеушілері және олардың еңбектері қарастырылады. Мақсаты: Қазақстанның табиғатын ежелден қазіргі күнге дейінгі зерттелу тарихын оқытады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Қазақстан территориясының табиғатын зерттеген саяхатшылар мен зерттеушілер және олардың еңбектері мен ашқан жаңалықтарын білу керек Меңгеру керек: Қазақстан табиғатының зерттелу тарихының кезеңдерін
11	Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы	5	Тұрғындар географиясы, Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім негіздері	Дүние жүзінің саяси картасы, Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы	Мазмұны: Қазақстан Республикасының қазіргі тәуелсіздік жағдайда дамуы, әлемдік ынтымақтастыққа енуі, нарықтық экономикаға көшуі барысында еліміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінде болып жатқан өзгерістер, ол елдермен экономикалық байланысы мен интеграциясы жайлы білім беретін жаңа тұрғыда оқытады. Мақсаты: Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайының барлық бағыт бойынша ерекшеліктерін оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияның басты қағидалары мен заңдылықтарын Меңгеру керек: Нарықтық экономикаға көшуі барысында еліміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінде болып жатқан өзгерістерін
11	ТМД елдерінің әлеуметтік және экономикалық географиясы	5	Елтану, Жалпы білім беретін мектептегі географиялық білім	Қазіргі дүние географиясы, Геоэкономика	Мазмұны: ТМД елдерінің табиғат ресурстары, халқы мен шаруашылығы сондай-ақ қазіргі кездегі экономикалық жаңа экологиялық проблемалары туралы терең білім беруге бағытталған. Мақсаты: ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын оқытады

			негіздері		Күтілетін нәтиже: Білу керек: ТМД елдерінің халқының құрамын, демографиялық жағдайын, өндіріс салалары мен олардың экономикалық дамуын Меңгеру керек: Нарықтық экономикаға көшуі барысында ТМД елдерінің экономикалық және әлеуметтік өмірінде болып жатқан өзгерістерін
12	Антропогендік ландшафттану	5	Қазақстанның физикалық географиясы, Ғаламдық география және табиғатты пайдалану негіздері	Урбоэкология	Мазмұны: «Қоғам» мен «табиғат» байланысы өте тығыз болғандықтан, адамзат өзінің іс-әрекет нәтижесінде табиғатты танымастай өзгертті. Осының негізінде табиғат кешендерінің әрбір компоненті үлкен өзгеріске ұшырап, оның физика-химиялық құрамы мен механикалық құрылысы бүлінді. Нәтижесінде бұл процестер адамзаттың өз денсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсер еткендіктен адамзат тарапынан көптеген іс-шаралар жасалуда. Мақсаты: Табиғи ландшафттың антропогендік процесс нәтижесінде өзгеруін оқытады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Антропогендік ландшафт түрлерін: қала, техногенді ландшафттардың пайда болуы мен мәдени ландшафтқа айналдыру мүмкіндіктерін Меңгеру керек: Табиғи ландшафт мәдени ландшафтқа айналуы: тау-кен ісі, қалалар, жолдар, құрылыстар, егіншілік алаңдары, өнеркәсіп орталықтары құрылуы себептерін
12	Климат өзгеруінің қазіргі мәселелері	5	Физикалық географияның қазіргі мәселелері, Қоршаған ортаны қорғау	Аймақтық география, Геоэкологиялық мониторинг	Мақсаты: Жер шарындағы климаттың антропогендік процесс нәтижесінде өзгеру дәрежесі және оның басқа табиғат компоненттеріне ықпалын анықтау. Мазмұны: Бүгінгі таңдағы өзекті мәселе болып табылатын табиғат кешендерінің өзгеруі. Оның бірі - климат. Климат пен ауа райының өзгеруін тудыратын факторлар: экологиялық тепе-теңдіктің жойылуы, ғылыми-техникалық прогрестің зардаптары, ауыл шаруашылық салаларын тиімді пайдалану шараларын жүргізбеу және сол сияқты мәселелердің нәтижесінде табиғи жағдай өзгеріске ұшырайды. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Климаттық ресурстар,

					құбылыстар мен процестер және ондағы айналымды білу керек Меңгеру керек: Климат табиғат кешенінің бір компоненті болғандықтан оның басқа компоненттердің табиғи кейіпінен ауытқу ерекшеліктерін
13	Географияны оқытудағы инновациялық әдістер	5	Географияны оқыту әдістемесі	МАК	Мазмұны: Курс әлемдегі, әр түрлі елдер мен аймақтардағы, Қазақстанның қазіргі мектеп географиясының дамуының негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын, жағдайын зерттейді; - Мақсаты: Қазақстандағы географияның даму тенденциялары мен ерекшеліктерін және олардың мектеп географиясына әсерін талдау; - географияны оқыту технологияларын таңдауда әртүрлі тәсілдерді талдау; - инновациялық технологияларды қолдана отырып, әртүрлі сабақ түрлерін әзірлеуді үйретеді. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Оқытудың жаңа педагогикалық технологиялар ерекшеліктері мен қолданылуы сипатын Меңгеру керек: Жаңа педагогикалық технологияларды сабақта қолдану жолдарын
13	Географиядағы есептеу және жобалау әдістері	5	Географияны оқыту әдістемесі	МАК	Мазмұны: Жалпы ғылыми әдістер арқылы табиғаттағы құбылыстар мен процестердің негізін, олардың даму болашағын анықтайды. Географиялық қабық, географиялық орта, географиялық зона, географиялық ландшафт, табиғи – территориялық кешенді зерттеуде қолданатын әдістер мен қолдану технологияларын қарастырады. Мақсаты: География ғылымының зерттеу әдістері мен оларды қолдану технологиясын қарастыру Күтілетін нәтиже: Білу керек: География ғылымының зерттеу әдістері арқылы географиялық заңдылықтарды анықтай алуы, карталарды құру технологияларын білу керек Меңгеру керек: Географиялық әдістер мен жалпы ғылыми әдістер: салыстырмалы әдіс, жүйелік әдіс, экологиялық әдіс, физикалық әдіс, химиялық әдіс, физика-химиялық әдістерді қолдану жолдарын
14	Жаңартылған білім беру мазмұны және критериялды бағалау	5	Географияны оқыту әдістемесі	МАК	Мазмұны: Критериялды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыру процесіне негізделген,

	жүйесі				оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін білімнің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес процестің барлық қатысушылары үшін белгілі бір ұжымдық әзірленген критерийлермен салыстыру негізінде жүзеге асырылатын бағалау жүйесі. Мақсаты: Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Сонымен қатар, қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалау туралы түсінік беру. Меңгеру керек: Критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыру процесіне негізделу ерекшеліктерін
14	Бейінді сыныпта географияны оқытудағы жаңа педагогикалық технологиялар	5	Географияны оқыту әдістемесі	МАК	Мазмұны: оқыту технологиясы оқытудың тиімділігін арттыру тәсілдерін, нақты белгіленген нәтижеге ие оқу процесін жобалауды түсінеді. "Технология" термині шетелдік әдістерден алынған, онда ол әртүрлі ұйымдастырылған оқу процестерін сипаттауда қолданылады. Мақсаты: осы оқу пәнін оқытудың мақсаты студенттердің педагогикалық іс-әрекет дағдыларын дамыту; студенттерді педагогикалық білімге тарту, олардың сабақ өткізуге дайындығы мен қабілеті. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: жаңа педагогикалық технологияларды білу Меңгеру керек: жаңа педагогикалық технологиялардың рөлі мен маңызымен қабілетін меңгеру
15	Туризм географиясы	5	Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы, Халықаралық экономикалық қатынастар географиясы	Дүние жүзінің шаруашылық географиясы	Мазмұны: Әлемдік туризммен, оның қалыптасуымен, туристік ағымдардың бағыттарымен танысуға арналған. Студенттер Азияның Африканың, Австралияның, Солтүстік және Оңтүстік Американың т.б. табиғатымен, мәдениетімен, қоғамымен, экономикасы мен туристік артықшылықтарымен танысады. Студенттерді жер шарындағы саяхаттаушылар, келу пункттері, көлемі және тиімділігі туралы мәліметтермен қамтамасыз етілу дәрежесі қарастырылады. Мақсаты: Халықаралық туризм салаларының дамуы мен болашағы

					карастырылады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Халықаралық туризмді әлемдік экономикалық жүйеде сипаттау; Меңгеру керек: Туристік бағыттардың ерекшеліктерін анықтау; Әр елдер бойынша туризмнің даму тенденцияларын анықтау;
15	Туризм дамуын мемлекеттік бақылау	5	Елтану, ТМД елдерінің әлеуметтік және экономикалық географиясы, Қазіргі дүние географиясы	Урбоэкология, Геоэкологиялық мониторинг	Мазмұны: Туризмнің қалыптасуы мен дамуының теориялық негіздерін зерттеу және туризм саласын мемлекеттік реттеу жүйесін саралау Қазақстанда туризмнің тиімді қызмет етуіне кедергі болатын мәселелерді қарастырады. Қазақстан Республикасында туристік қызметтің тиімділігін жоғарлатуға бағытталған ұсыныстарды анықтайды. Мақсаты: туризм саласының дамын мемлекет тарапына реттеу түрлері мен нәтижелерін қарастырады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Мемлекет тарапынан туризм саласын реттеу маңызын, инвестициялаудың ерекшеліктерін ашу және оларды қолдануды білу керек Меңгеру керек: Туристік саланы инвестициялаудың ерекшеліктерін ашу және оларды қолданудың ерекшеліктерін

Таңдау пәнінің реттік №	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәнді оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижесі (білу, біліктілік, дағды компетенциясы)
Кәсіптендіру пәндері					
Таңдаулы пәндер (ТП)					
1	Ландшафттану	3	Метеорология климатология негіздерімен, Жалпы гидрология	Қазақстанның физикалық географиясы, Антропогендік ландшафттану	Мазмұны: Бұл пән физикалық географияның бір саласы болып саналатындықтан қоршаған ортадағы құбылыстарды танып-білумен олардың белгілі бір жерге әсер ету деңгейін зерттеумен айналысады. Мақсаты: Сондықтан да негізгі мақсаты студенттерге айналамыздағы табиғат жағдайының пайда болуын, оның өзгеруін, оған әсер етуші табиғи күштермен, антропогендік күштердің әсер ету мүмкіншілігін зерттеу. Күтілетін нәтиже:

					Білу керек: Географиялық қабық немесе жертану пәндеріндегі заңдылықтарды, ландшафттанудағы заңдылықтарын Менгеру керек: Олардың арасындағы байланыстардың белгілі бір жердегі территориялық табиғат кешендерінде де, өзгеруін, дамуын, болашағын.
1	Ландшафт геофизикасы	3	Физикалық географияның қазіргі мәселелері, Биогеография	ТМД елдерінің физикалық географиясы, Климат өзгеруінің қазіргі мәселелері	Мазмұны: Ландшафтың жеке ерекшеліктерін, ондағы өсімдіктер арқылы пайдалы қазбалардың шоғырлану сипатын, жануарлар терісіндегі сирек кездесетін химиялық элементтердің болуы да сол аймақтағы пайдалы қазбаның болуын көрсетеді. Ландшафтың таксономиялық бірліктерге бөліп әр қайсысының өз табиғи ерекшелік белгілерін оқытады Мақсаты: ландшафт түрлері мен олардың геофизикалық ерекшеліктерін оқытады Күтілетін нәтиже: Білу керек: Ландшафттық геофизикалық түрлері мен маңызын білу керек Менгеру керек: Олардың арасындағы байланыстардың белгілі бір жердегі территориялық табиғат кешендерінде де, өзгеруін, дамуын, болашағын.
2	Дүние жүзінің саяси картасы	4	Картография топография негіздерімен, Тұрғындар географиясы	Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы, Дүние жүзінің шаруашылық географиясы	Мазмұны: Алғашқы картаның пайда болуынан бастап жер бетіндегі қала-мемлекеттердің ондағы көрінісін және саяси карталардың сандық-сапалық өзгерістерін оқытады. Мақсаты: Дүние жүзінің саяси картасын тарихи-географиялық қалыптасуын әлем елдері мен территорияларының статистикалық мәліметтерін талдау арқылы оқытады. Әр тарихи кезеңдердегі саяси жағдайлардың түзілуі негізінде елдердің территориясы, шекарасының өзгеруін қарастырады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Картография тарихын, дүниежүзі елдері және олардың саяси картадағы сандық-сапалық өзгерістерін, өзгеру себеп-салдарын Менгеру керек: Саяси карталардың қалыптасу тарихы мен дамуы ерекшеліктерін
2	Геосаясат	4	Елтану, Картография тарихы	Қазіргі дүние географиясы	Мазмұны: Дүние жүзі елдерінің геосаяси жағдайы мен демаркациялық және делимитациялық жағдайларын

				ы, Геоэкономи ка	оқытады. Сонымен қатар, жер шарындағы елдер арасындағы экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси мәселелерді қарастырады. Мақсаты: әлемдік саяси география негіздерін, ондағы оқиғалар мен үрдістерді, дүние жүзіндегі болып жатқан осы мәселелердегі арақатынасты Қазақстанның геосаяси жағдайымен бағамдау. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Әлемнің әр түрлі аймақтарындағы қазіргі саяси жай-күйдің ерекшеліктерін; Менгеру керек: Қазақстан және ТМД-ның басқа да елдері үшін КСРО-ның ыдырауының нәтижесінде туындаған геосаяси салдарын білу керек
3	Шығыс Қазақстанның физикалық географиясы	5	Қазақстанның физикалық географиясы, Геоморфология	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы,	Мазмұны: Өлкетану бағдарламасы бойынша Шығыс Қазақстанның физикалық географиясын әр студент өз өлкесі ретінде білуі қажет. Мақсаты: Аймақтың геологиялық құрылысы, жер бедері, климаттық ерекшелігі; ішкі сулары мен топырақ жамылғысы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Шығыс Қазақстанның топырағы, өсімдіктер жамылғысы, жануарлар дүниесі, климаттық ерекшеліктерін Менгеру керек: Шығыс Қазақстанның физикалық-географиялық жағдайын барлық бағыт бойынша меңгеріп шығу.
3	Табиғатты тиімді пайдалану географиясы	5	Қоршаған ортаны қорғау, Физикалық географияның қазіргі мәселелері	Рекреациялық география, Аймақтық география	Мазмұны: Дүние жүзілік экономикалық аренаға шығу жолында «жетілік» және дамушы мемлекеттер табиғат ресурстарын пайдалану және табиғатты тиімді пайдалануын соңғы жылдары ғана қолға алды. Бұл пән сарқылатын және сарқылмайтын табиғат компоненттерін қалпына келтіру, рациональды қолдану жолдарын қолдануға ұмтылды. Мақсаты: Табиғатты пайдаланудың экологиялық-экономикалық тиімді шараларын ұйымдастырып, ұйымдар құруы жайлы сипаттау. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Табиғат байлықтарын экологиялық және экономикалық тұрғыда тиімді пайдалану жолдарын. Менгеріп шығады: Табиғатты тиімді

					пайдалануда асырылып жатқан іс-шаралар жолдарын
4	Шығыс Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы	5	Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы, Тұрғындар географиясы	Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы, Дүние жүзінің шаруашылық географиясы	Мазмұны: Шығыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық географиясы пәнінде облыстың географиялық орны, халқы, қалалары мен ауылды аймақтары, халық шаруашылығының дамыған салалары: қара және түсті металлургия, су электр станциясы, егіншілік пен мал шаруашылығы, сонымен бірге олардың жергілікті табиғат ерекшелігіне тигізетін әсері мен экологиясы, табиғатты қалпына келтіру шаралары оқытылады. Мақсаты: Шығыс Қазақстан экономикалық ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайын оқыту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Экономикалық ауданның экономикалық даму ерекшеліктері мен мамандану саласын Менгеру керек: Шығыс Қазақстанның ірі қалалары мен олардың маманданған салаларын
4	Қазақстанның саяси және әлеуметтік географиясы	5	ТМД елдерінің әлеуметтік және экономикалық географиясы, Елтану	Геоэкономика, Аймақтық география	Мазмұны: Студенттерді экономикалық-географиялық пәндер бойынша оқыту мазмұнының негізі мемлекеттердің, оның бөліктерінің немесе жекелеген аймақтардың әлеуметтік, салалық, саяси, шаруашылық және аймақтық құрылымы болып табылады. Мақсаты: Қазақстанның әлеуметтік-саяси жағдайын зерттейді. Халықтың құрамын, демографиялық жағдайды және олардың бөлінуін, Қазақстан өндірісінің саласын және олардың дамуын зерделейді. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Қазақстанның саяси және әлеуметтік жағдайын Менгеру керек: Қазақстанның әлемдік геосаяси жағдайда алатын орнын
5	Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	5	Қазақстанның физикалық географиясы, Шығыс Қазақстанның физикалық географиясы	Аймақтық география, Геоэкологиялық мониторинг	Мазмұны: Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы жалпы физикалық география курсының жалғасы ретінде әрбір материк пен мұхит табиғатының жалпы географиялық заңдылықтарын, табиғатындағы ұқсастық және айырмашылық белгілерін анықтайды. Мақсаты: Территориялық жіктелу заңдылықтары, яғни әртүрлі дәрежедегі территориялық табиғат

					кешендері тұрғысынан да қарастырады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Материктер мен мұхиттардың пайда болуын, мобилизм теориясын, плиталардың орналасуы мен қозғалуын, ішкі сулары мен климатын, топырақ-өсімдік жамылғысын Меңгеру керек: Материктер мен мұхиттардың физикалық-географиялық жағдайын барлық бағыт бойынша меңгеріп шығу.
5	Рекреациялық география	5	Қоршаған ортаны қорғау, Табиғатты тиімді пайдалану географиясы	Аймақтық география, Геоэкологиялық мониторинг	Мазмұны: Адамдардың жұмыстан тыс уақыттағыс-қимылдарын ұйымдастырудың аумақтық жүйелерінің қызмет етуі мен дамуының географиялық заңдылықтарын зерттейтін ғылымибағыт. Еуропа мен Американың көптеген елдерінде рекреациялық географияның ұқсас түрлері —. Рекреациялық географияның негізгі зерттейтін нысаны — аумақтық рекреациялық жүйе (АРЖ). Рекреациялық география АРЖ-дің басқа аумақтық жүйелермен байланысын, оның қасиеттері мен жеке жүйешіктерін, рекреациялық ресурстарды, рекреациялық аудандарды, АРЖ-ді басқару мен болжау жолдарын зерттейді. Мақсаты: аумақтық жүйелермен байланысын, оның қасиеттері мен жеке жүйешіктерін, рекреациялық ресурстарды, рекреациялық аудандарды, басқару мен болжау Күтілетін нәтиже: Білу керек: Халықтың қоныстануын, өндірістің орналасуын, табиғат ресурстары мен қоғамдық өндірістің жағдайларын тиімді пайдалануды білу керек Меңгеру керек: Қазақстан аумағында туризм салаларын дамыту мүмкіндіктерін
6	Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы	5	Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы, Шығыс Қазақстанның әлеуметтік және	Аймақтық география, Геоэкологиялық мониторинг	Мазмұны: Саяси, экономикалық және географияның негігі идеялары мен концепцияларын білдіру, аталмыш салаларды географиялық зерттеулердің әдістері мен жолдарын оқыту. Мақсаты: Қазақстанның көршілес елдерімен мемлекетаралық қарым-қатынас мәселелерін қарастырады. Күтілетін нәтиже:

			экономикалық географиясы		Білу керек: Дүние жүзі мен аймақтарға, елдер мен аумақтарға экономикалық географиялық сипаттама беру арқылы оның негіздерін. Менгеру керек: Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиялық жағдайларын
6	Геоэкономика	5	ТМД елдерінің әлеуметтік және экономикалық географиясы, Қазіргі дүние географиясы	Аймақтық география	Мазмұны: Геоэкономика кеңістікке қатысты экономикалық шындықты қарастырады. Бұл пән homo oeconomicus және кеңістік арасындағы өзара әрекеттестікті зерттейді: кеңістіктік факторлардың өндіріс және тауарларды тарату саласына әсері, экономикалық қызметті өрістету үшін кеңістікті пайдалану. Мақсаты: Геоэкономика экономикалық шындықты кеңістік ерекшеліктеріне сәйкес қандай әдістерге қол жеткізуге болатындай етіп баяндайды. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Геоэкономикалық анықтамалар негіздері ерекшеліктерін Менгеру керек: Әлемдік деңгейде экономикалық бәсекелестік пен қатығыстар сипатын
7	Дүние жүзінің шаруашылық географиясы	6	Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы	МАК	Мазмұны: Дүниежүзіндегі шаруашылық түрлері және оның дамуы қарастырылады. Өндіріс салалары, отын энергетикасы, қара және түсті металлургия, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы мен өзара байланысын оқытады. Мақсаты: Әлемдегі шаруашылық түрлерін оқытады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Әлем елдеріндегі шаруашылық түрлері және оның дамуы мен болашағын болжай алу керек. Менгеру керек: Шаруашылық түрлерінің даму ерекшеліктері мен болашағын
7	Аймақтық география	6	Геоэкономика	МАК	Мазмұны: Қоғамды аумақтық ұйымдастырудың оңтайлы жолдарын, оның ішінде халықтың қоныстануын, өндірістің орналасуын, табиғат ресурстары мен қоғамдық өндірістің жағдайларын тиімді пайдалануды, осы ресурстар мен жағдайларды қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесіне сақтауды және жаңартуды ғылыми негіздеу мақсатында география географиялық қабықтың құрылымы мен динамикасын, оның

					құрамбөліктерінің өзара әрекеттестігі мен кеңістік бойынша таралуын зерттейді Мақсаты: Қоғамды аумақтық ұйымдастырудың оңтайлы жолдарын оқытады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Әлем елдеріндегі шаруашылық Халықтың қоныстануын, өндірістің орналасуын, табиғат ресурстары мен қоғамдық өндірістің жағдайларын тиімді пайдалануды білу керек Менгеру керек: Жердің географиялық қабығындағы табиғи-аумақтық және аумақтық-өндірістік кешендерін және олардың құраушыларын зерттейтін жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар жүйесін
8	Урбоэкология	3	Ғаламдық география және табиғатты пайдалану негіздері, Геоэкология және табиғатты қорғау	МАК	Мазмұны: Урбоэкология – қалалардың өркендеуі, қала санының артуы, қалалық мәдениеттің дамуы. Оның халқының санының артуы нәтижесінде туындайтын экологиялық мәселелер ретінде оқытылады. Мақсаты: Әлем қалаларының экологиялық жағдайын оқытады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Қалалардың экономикалық даму дәрежесі өскен сайын оның әлеуметтік жағдайының күрделенуін Менгеру керек: Экологиялық тұрғыда өзгеру дәрежесі және оны қалпына келтіру жолдарын
8	Геоэкологиялық мониторинг	3	Қоршаған ортаны қорғау, Топырақ геоэкологиясы	МАК	Мазмұны: География мен экология арасында құрылған пән болғандықтан географиялық кеңістікте адамзаттың шаруашылық қызметі негізінде қоршаған ортаға зиянды заттар мен өндіріс қалдықтары тасталып, табиғат кешені бұзылуда. Мақсаты: Әр табиғат компоненттерін қалпына келтіру мақсатында геоэкологиялық әдістерді қолдана келе мониторинг жариялап, оларды толыққанды зерттейді. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Геоэкологиялық мониторинг маңызы, олардың түрлері мен тиімділігін. Менгеру керек: Геоэкологиялық мониторинг маңызы, олардың түрлері мен тиімділігін

**Таңдаулы пәндер
ТІЗІМІ**

Оқыту түрі: Күндізгі
Оқыту мерзімі: 4 жыл

Пәннің атауы	Пәннің коды	Кредит саны	Семестр
Жалпы білім беру пәндері			
Таңдау компоненті 1			
Экономикалық-құқықтық білімдер модулі		5	2
Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері	NEKN1111	3	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқық негіздері	KSZhKMN1112	2	
Экономикалық-жаратылыстану білімдер модулі		5	2
Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері	NEKN1111	3	
Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	ETKKN1112	2	
Базалық пәндер			
Таңдау компоненті 1			
Метеорология климатология негіздерімен	MKN2214	5	3
Биогеография	BG2214		
Таңдау компоненті 2			
Жалпы гидрология	ZhG2215	5	3
Физикалық географияның қазіргі мәселелері	FGKM2215		
Таңдау компоненті 3			
Геология	Geo2216	5	4
Палеогеография	PG2216		
Таңдау компоненті 4			
Картография топография негіздерімен	KTN2217	5	4
Картография тарихы	KT2217		
Таңдау компоненті 5			
Тұрғындар географиясы	TG2218	5	4
Елтану	Elt2218		
Таңдау компоненті 6			
Геоморфология	GM3219	6	5
Қоршаған ортаны қорғау	KOK3219		
Таңдау компоненті 7			
Қазақстанның физикалық географиясы	KFG3220	5	5
ТМД елдерінің физикалық географиясы	TMDEAEG3220		
Таңдау компоненті 8			
Білім берудегі IT	BBIT 3221	5	5
Сандық білім беру технологиялары	SBBT 3221		
Таңдау компоненті 9			
Ғаламдық география және табиғатты пайдалану негіздері	GGTPN3222	5	6
Өндірістік техника-экономика негіздері	OTEN3222		
Таңдау компоненті 10			
Геоэкология және табиғатты қорғау	GTK3223	5	6
Қазақстан табиғатын зерттеу тарихы	KTZT3223		
Таңдау компоненті 11			
Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы	KAEG3224	5	6
ТМД елдерінің әлеуметтік және экономикалық географиясы	TMDEAEG3224		
Таңдау компоненті 12			

Антропогендік ландшафттану	AL 4225	5	7
Климат өзгеруінің қазіргі мәселелері	KOKM4225		
Таңдау компоненті 13			
Географияны оқытудағы инновациялық технологиялар	GOIA4226	5	7
Географиядағы есептеу және жобалау әдістері	GEZhA4226		
Таңдау компоненті 14			
Жаңартылған білім беру мазмұны және критериялды бағалау жүйесі	ZhBBMKBZh 4227	5	7
Бейінді сыныпта географияны оқытудағы жаңа педагогикалық технологиялар	BSGOZhPT 4227		
Таңдау компоненті 15			
Туризм географиясы	TG4228	5	7
Туризм дамуын мемлекеттік бақылау	TDMB4228		
Кәсіптендіру пәндері			
Таңдау компоненті 1			
Ландшафттану	LT2306	3	4
Ландшафт геофизикасы	LG 2306		
Таңдау компоненті 2			
Дүние жүзінің саяси картасы	DZhSK3307	4	5
Геосаясат	GS 3307		
Таңдау компоненті 3			
Шығыс Қазақстанның физикалық географиясы	ShKFG3308	5	6
Табиғатты тиімді пайдалану географиясы	TTPG3308		
Таңдау компоненті 4			
Шығыс Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы	ShAEG3309	5	6
Қазақстанның саяси және әлеуметтік географиясы	KSAG3309		
Таңдау компоненті 5			
Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы	MMFG4310	5	7
Рекреациялық география	RG4310		
Таңдау компоненті 6			
Дүние жүзінің саяси, әлеуметтік және экономикалық географиясы	DZhSAEG 4311	5	7
Геоэкономика	GE 4311		
Таңдау компоненті 7			
Дүние жүзінің шаруашылық географиясы	DZhShG4312	6	8
Аймақтық география	AG 4312		
Таңдау компоненті 8			
Урбоэкология	UE4313	5	8
Урбоэкология	UE4313		